

Кангалакова Д.М.

**Қазақстан Республикасындағы
шағын және орта
кәсіпкерліктің ағымдағы
жағдайы және оның дамуына
тежеу болатын мәселелер**

Орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту экономиканың өрістеуіне, жұмыссыздықты жоюда, нарықты халыққа қажетті тауарлармен толтыруда, жеке өндірушілердің монополиясын шектеуде және депрессияны бастан кешіп отырған аудандардың экономикасын тұрақтандыруда шешуші фактор болып табылатындықтан, экономиканың жалпы жағдайын жақсартуда өзекті болып табылады. Тәжірибеде көрсетілгендей, тек әкімшіліктің ғана қолдауымен орта және шағын бизнесту дамыту қиынға соғады. Сол себепті, институционалды өрісті өзгертуді зерттеу, кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларын бағалау әдістемесін қайта қарастыру, кәсіпкерлікте инновациялық ойларды қолдану сияқты мәселелерді зерттеу қажеттілігі жылдан-жылға артып барады.

Жалпы бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнестің ағымдағы жағдайы қарастырылған.

Түйін сөздер: Шағын және орта кәсіпкерлік, инновация, инновациялық кәсіпкерлік, инновациялық белсенді кәсіпкерлер.

Kangalakova D.M.

**The current state of small and
medium enterprises in the
Republic of Kazakhstan and
hampering of problems to the
development**

The development of small and medium-sized businesses today is the driving force behind the accelerated growth of the economy. It is important for the restructuring of industry, trade and services, create new jobs and, consequently, serves as a source of sustainable development, poverty reduction and civil society development. As practice shows, only administrative measures are insufficient for market expansion of small and medium enterprises. The need to study the changes in the institutional environment, methods of evaluation of entrepreneurship development programmes, mechanisms to stimulate innovative entrepreneurship indicators of external and internal environment of the business community is growing every day. Despite the fact that government officials at any level often repeat on support of small and medium business, government action, in its opinion, prove the contrary.

This article examines the current state of small and medium business in the Republic of Kazakhstan.

Key words. Small and medium businesses, innovation, innovative entrepreneurship, innovation-active enterprises .

Кангалакова Д.М.

**Текущее состояние малого
и среднего
предпринимательства
в Республике Казахстан
и проблемы, препятствующие
ее развитию**

Развитие малого и среднего предпринимательства на сегодня выступает движущей силой ускоренного роста экономики. Оно имеет важное значение для реструктуризации промышленности, торговли и сферы услуг, создания новых рабочих мест и, как следствие, служит источником устойчивого развития, сокращения бедности и развития гражданского общества. Как показывает практика, только административных мер недостаточно для расширения рынка малого и среднего предпринимательства. Необходимость изучения изменений институциональной среды, методов оценки программ развития предпринимательства, механизмов стимулирования инновационного предпринимательства, индикаторов внешней и внутренней среды бизнес-сообщества растёт с каждым днем. Несмотря на то, что государственные чиновники любого уровня довольно часто повторяют о поддержке малого и среднего бизнеса, действия правительства, по ее мнению, говорят об обратном.

В данной статье рассматривается текущее состояние малого и среднего бизнеса в Республике Казахстан.

Ключевые слова. Малый и средний бизнес, инновация, инновационное предпринимательство, инновационно-активные предприятия .

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА
КӘСІПКЕРЛІктің
АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ
ЖӘНЕ ОНЫң
ДАМУЫНА ТЕЖЕУ
БОЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР**

Қазіргі уақытта Қазақстан үшін ең керегі экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін кәсіпкерлікті дамыту бағыты басым болып табылады. Дамыған елдерде экономиканың қомақты бөлігін 60 % осы шағын және орта кәсіпкерлік құрайды, сол себепті, кез келген мезетте экономикалық тұрақсыздық пайда болса, ол мемлекет дағдарысқа төтеп бере алады. Сондықтан біздің елімізде де шағын және орта бизнестің қанат жаюына жағдай жасап, табысты саланың өркендеуіне айрықша көңіл бөліп отырмыз. Жақын арада Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2014 жылдың 11 қарашасындағы Жолдауында «Шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Бүгінде Ұлттық қордан ШОБ-ты қолдауға және несиелеуге бағытталған 100 миллиард теңге толықтай игерілді. Бұл 4,5 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Бұл қаржыға сұраныс ұсыныстан 23 миллиард теңгеге асып түсті. Бизнесті 10 жылға бар-жоғы 6 пайызбен несиелеудің бұрынсоңды болмаған шарты жасалды. Мұндай шарттар біздің елімізде бұған дейін болған емес. ШОБ-ты экономикалық өсімнің драйвері ретінде дамыту және оның үлесін 2050 жылға қарай ІЖӨ-нің 50 пайызына ұлғайту бойынша жұмысты жалғастырған жөн. Сондықтан шағын және орта бизнес үшін 2015-2017 жылдары жалпы сомасы 155 миллиард теңге несие желілерін АДБ, ЕҚДБ, Дүниежүзілік банк есебінен тиімді пайдалану қажет» деп атап өтті [1, 2 б.].

Мемлекет тарапынан көмектің ұлғаюына байланысты шағын және орта кәсіпкерліктің қаржылық жағдайы тұрақты, көрсететін қызметі немесе шығаратын өнімі бәсекеге қабілетті болуы үшін инновацияның рөлі зор болып отыр. Яғни ғылым мен инновациялық идеяларды өндірістік секторға енгізу орын алады. 2014 жылдың басынан бастап ғылымды дамыту шаралары іске асырылып жатыр, 2050 жылға дейін ғылымды дамыту мөлшері ЖІӨ құрамынан 3%-ға дейін қаржыландыру жоспарланып отыр.

Дегенмен, жоғарыда аталған мәліметтер тек болашақта жүзеге асырылады. Қазір ЖІӨ-ге шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қызметінің салымы 2013 жылы 16,9 % құрап отыр, ал 2012 жылы оның мөлшері 17,3 %, бұл жайлы мәліметті 1-кесте көре аласыздар.


1-кесте – ЖІӨ шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қызметінің салымының мөлшері, 2005-2013 жылдар

ЖІӨ шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қызметінің салымын бағалау, %	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл
		17,8	17,5	20,4	18,6	20,4	20,2	17,5	17,3
соның ішінде									
Шағын кәсіпкерлік	8,2	7,6	8,5	6,4	6,6	7,0	6,2	6,0	5,7
Орта кәсіпкерлік	9,6	9,9	11,9	12,2	13,8	13,2	11,3	11,3	11,2

Дерек көзі: ҚР Статистикалық агенттігінің мәліметтеріне сүйене отырып, автормен құрастырылған[2].

2005 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін ЖІӨ шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қызметінің салымы аса өзгере қоймады. Әр жылда орта және шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған ақша қаражаттары бөлініп, бағдарламалар қабылданып отыр. Не себепті, бұл көрсеткіш өзгеріске ұшырамайды деген сұрақ туындайды. Себебі, мемлекетімізде сыбайлас жемқорлық мен бюрократияның орнығып алғандығы, кәсіпкерлерге салық тарапынан және өзге факторлар әсерінен

қысым көрсету орын алып отыр. Мысалы, 2012 жылғы мәліметтерге сай кәсіпкерлікті ашу туралы рұқсатқа 1015 субъект ішінде 348 ғана рұқсат алды. Осыған қоса, мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын ақша қаражатының мақсаттылығын қатаң бақылау жүйесінің болмауы сияқты факторлар, кәсіпкерліктің дамуын тежеп отыр. 1-сурет жоғарыда талданылған ЖІӨ шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қызметінің салымын бағалау серпінін көре аласыздар.



1-сурет – ЖІӨ шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қызметінің салымының серпіні

Дерек көзі: ҚР Статистикалық агенттігінің мәліметтеріне сүйене отырып, автормен құрастырылған [2]

Бірақ 2005 жылдан бері ЖІӨ-гі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінен салым мөлшері өзгеріске ұшырамаса да, ол субъектілердің саны жылдан жылға өсіп келеді. Ол туралы мәлімет 2-сурет көрсетілген.

Яғни 2009 жылы шағын кәсіпкерлер саны 4160 болса, орта кәсіпкерлер саны 60601 болды, ал 2013 жылы шағын кәсіпкерлер саны 8312 болса, орта кәсіпкерлер 61076 болды. Шағын және орта кәсіпкерлер санының өсуі мемлекеттік қолдау салдары болып табылады.

Шағын және орта кәсіпкерлердің саны өсуімен қатар инновациялық белсенді кәсіпорындардың да саны өсуде, оны 2-кесте көре аласыздар. 2003 жылы

олардың саны 148 құраса, 2013 жылы оның көлемі 11 есе өсіп, 1774 кәсіпорынды құрап отыр. Соңғы жылдары инновациялық идеяларды кәсіпорындарда жүзеге асыру белсенді түрде жүзеге асып жатыр. Оған себеп ретінде мемлекетіміздің өзге шетел мемлекеттерімен интеграциялану, жаһандану үрдісі, ғылымның пәнаралық дамуын айтуға болады.

Жоғарыда айтып кеткендей 2050 жылға дейін ғылымды қаржыландыру 3% жететін болса, ғылым да, инновацияда дамиды. Жалпы ғылымға ЖІӨ-нен 1,5 % қаржыландыру болатын болса, экономикаға деген ғылымның қайтарылымы болады. Біз бірінші кезеңде 2025 жылға дейін осы мәжеге жетсек дұрыс болар еді.



2-сурет – ШОК белсенді субъектілер санының даму серпіні

Дерек көзі: ҚР Статистикалық агенттігінің мәліметтеріне сүйене отырып, автормен құрастырылған [2]

2-кесте – Қазақстан Республикасындағы инновациялық белсенді кәсіпорындардың саны

Инновация-лық белсенді кәсіпорындардың саны	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013
	148	184	352	505	526	447	399	467	614	1622	1774

Дерек көзі: ҚР Статистикалық агенттігінің мәліметтеріне сүйене отырып, автормен құрастырылған[2]

Жалпы кәсіпкерліктің экономикалық белсенділігі мен әлеуметтік бағдар ұстауының кепілі оның өздігінен қоғамның орташа топтарына жататындығы емес, оның дәулеті мен тұрмысының нақты шынайы меншікке негізделуі болып табылады. Қазіргі уақытта шағын кәсіпорындар жұмыс істеп тұрған барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің 80 пайызын құрайды. Сонымен бірге кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған шешімдерді орындауда іркіліс байқалады. Бұл жерде басты себеп – бюрократиялық қысымдар. Осындай және басқа да себептерге байланысты кәсіпкерлер бөлігі жасырын салаға өтіп жатыр. Осы жағдайда ескеретін жәйт, кәсіпкерлердің құқығын қорғайтын жүйе жасау, тексеруші органдардың және рұқсат беруші құжаттардың санын азайту. Кәсіпкерлердің жетпіс пайызы оларды қолдайтын аймақтық бағдарлама туралы хабары жоқ. Мұның өзі әкімдер жұмысы формальді сипатта жүретінін көрсетеді. Кәсіпкерліктің күрделі мәселелерінің бірі – несиелік ресурстарды алудың қиындығы. Себебі несие алу үшін кепілге қоятын мүлік, бизнес-жоспар жоқ. Осы себептен банктерде шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландыруға асықпайды.

Сондай-ақ, біздің еліміздегі кіші және орта кәсіпкерлік секторында инновациялық қызметті жүзеге асыру дамымаған. Жалпы инновациялық қызмет айналысатын венчурлық кәсіпорындар біздің елімізде жоқтың қасы. Бірақ болашақта мемлекеттің жүргізіп жатқан ұлттық экономиканы диверсификациялау мен модернизациялау бойынша қабылданған түрлі бағдармалар мен жүргізіліп жатқан саясатына байланысты мұндай кәсіпорындар көбейді деген үміт бар.

Қазір мемлекет тарапынан инновациялық кәсіпкерлікті дамытуға байланысты біршама кәсіпкерлік бағдарламалар бар, дегенмен олардың жұмысы нәтижелі болса, біздің мемлекеттегі кәсіпкерлердің саны ғана өсіп қоймай, ЖІӨ мөлшерінің көлемі ұлғаяр еді. Кәсіпкерлер санының өсуі ешқандай нәтижеге алып келмейді. Сол себепті, халықты инновациялық кәсіпкерлікке араластыру керек, ол дегеніміз – тек жеке кәсіп ашу ғана емес, бұдан басқа халықтың қолындағы айналымға түспеген инвестицияны тарту. Кәсіпкерлікті қаржыландыруда мемлекетке де, тұтынушыға да, кәсіпкерлерге де тиімді қаржыландырудың жаңа формасын іздестіру.

Бұл күнде әйелдерді, жастарды, зейнеткерлерді әлеуметтік осал топқа жатқызады, бірақ олар да кәсіппен айналысуға жарамды әлеуметтік топ. Яғни, әлеуметтік осал топты экономикалық белсенді емес тобынан кәсіптілікпен айналысуға қолдау көрсету керек. Бұдан басқа, қазір ауылды жерлерде жұмыс көзі жоқ, бірақ жұмыссыздар мөлшері кері пропорционалды болып табылады. Ауылды жерде жұмыстан бұрын, өмір сүрудің қарапайым шарты жоқ. Мысалы, кей ауылдар суға, электр қуатына тапшы. Сол себепті, ғылымды дамыта отырып, ауылды жерде қарапайым өмір шартын жақсартатын тиімді инновациялық кәсіп ойластыру керек. Ол жұмыс орнымен қамтамасыз етуде рөл атқара алады. Бұл үшін шағын және орта кәсіпкерлікті білікті ақпараттық, кәсіби, консалтингтік қызметтермен қамтамасыз ететін нарықтық инфрақұрылым элементтерін жетілдіру керек.

Қорыта айтқанда, шағын және орта бизнестегі мәселелерді шешудегі мемлекеттік саясат мыналарға негізделуі тиіс:

- шағын бизнесті мемлекеттік қолдаудың оңтайлы жүйесін қалыптастыру;
- нормативті-құқықтық базаны күшейту және оның орындалуын қадағалау;
- шағын кәсіпорындарда жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал ету;
- тауар мен қызметтер нарығында бәсекені дамыту, іскерлік және инвестициялық белсенділікті арттыру;

– кәсіпкерлік іс-әрекетке әйелдерді, жастарды, зейнеткерлерді тарту жолдарын қарастыру;

– қаржы-несиелік, инвестициялық механизмді белсендіру; кәсіпкерлік қызметтің қаржыландырудың жаңа формаларын іздестіру;

– аймақтарда кәсіпкерлік қызметті дамыту;

– шағын және орта кәсіпкерлікті білікті ақпараттық, кәсіби, консалтингтік қызметтермен қамтамасыз ететін нарықтық инфрақұрылым элементтерін жетілдіру [3];

– шағын инновациялық кәсіпкерлік туралы заң қабылдау керек;

– ауылдағы тұрғындар айналысу үшін шағын кәсіпкерлікті қолдау жүйесін табу керек;

– шағын кәсіпкерлікті қолдайтын типтік әдістеме керек.

Қазіргі уақытта қалыптасқан экономикалық жағдайда мемлекеттік тікелей немесе жанама қолдау көрсететін елеулі ресурстары жоқ. Сондықтан, барлық күш жағымды сыртқы ортаны қалыптастыруға бағытталуы керек. Бұл бағытты жүзеге асыру үшін келесідей шаралар қажет: заңдық және нормативтік базалар әрі қарай қалыптасуы мен дамуы, өндірісті қолдайтын инфрақұрылымының барлық қажетті элементтерін қалыптастыруы, бюджеттен тыс қаражаттар есебінен кәсіпкерлікті қаржылық қолдау аясын кеңейтуге әсер ету, тиімді инвестициялық климатты қалыптастыру, мемлекеттік бақылауды тәртіпке келтіру және т.б.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2014 жылғы 11 қараша. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол.
- 2 Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің бас сайтыдағы статистикалық мәліметтер
http://www.stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersSMEEnterprises?_afLoop=692152363705259#%40%3F_afLoop%3D692152363705259%26_adf.ctrl-state%3Dkni0x4cg2_84.
- 3 Бежежанова, Э.К. Тенденции развития малого и среднего бизнеса в Республике Казахстан / Э.К. Бежежанова (Казайрова, Г.Р.) // Наука: научно-производственный журнал.- Костанайский инженерно-экономический университет им. М. Дулатова. – 2012. – №1. – С.67-70.

References

- 1 Kazakhstan Respublikasynyn prezidenti N.Nazarbaevtyn Kazakhstan halkyna Zholdauy. 2014 zhylygy 11 karasha. Nurky zhol – bolashakka bastar zhol;
- 2 Kazakhstan Respublikasynyn Ultyk Ekonomika Ministrlygi Statistika komitetinin bas saytyndagy statistikalyk malimetter, http://www.stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersSMEEnterprises?_afLoop=692152363705259#%40%3F_afLoop%3D692152363705259%26_adf.ctrl-state%3Dkni0x4cg2_84.
- 3 Begezhanova, E. K. Tendencii razvitiya malogo i srednego biznesa v Respublike Kazakhstan/ E.K. Begezhanova (Kazairova G.R.)//Nauka: nauchno-proizvodstvennyi zhurnal.-Kostanaiski inzhenerno-economicheski universitet im.M. Dulatova. – 2012. – №1. – s.67-70.

